

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының» 6,7 тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес жіберілген кемшіліктер бойынша жүргізілген жұмыстар.

2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасының 6,7-тарауда көрсетілген «1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі» және «Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры» берілген талаптар бойынша мониторинг жасалды. «Жеті-Нұр» бөбекжай-балабақшасында 2022-2023 оқу жылына «Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры» берілген талаптары, қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры тәрбиеленушілердің қазақ тілінде ауызекі байланыстырып сөйлеуін түрлі балалар әрекетінде дамыту бойынша:

- қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру;
- белсенді сөздікті байыту;
- сөздік нормаларды;
- мәдениетті қарым-қатынасты игерту бойынша;
- ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту;
- қазақ халқының тұрмыстық заттарымен киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары;
- туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құрылған.
- қазақ халқының ұлттық киімдерінен жыл мезгілдеріне сәйкес, үлгілері жасақталған.

Қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру мақсатында, «Жеті-Нұр» бөбекжай-балабақшасында «Қош келдің, Әз-наурыз!» атты ертеңгілік өтілді. Ертеңгілікке төрт топтың тәрбиеленушілері толық қатысып, өнер көрсетті. «Қарлығаш ересек тобының тәрбиешісі мен тәрбиеленушілерінің ұйымдастыруымен «Қарлығаш» ересек тобында «Арқан тарту», «Қазақша күрес», «Қол күрес» ортаңғы «Еркетай» тобында «Тұсау кесер» рәсімін және ұлттық ойындарын ойната отырып, дәстүрлердің мәнін түсіндірді, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулыды. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру мақсатында қазақ тілі пәні мұғалімі А.Сугурова «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбында мақал-мәтел сайысы өткізілді.

Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу жұмыстары сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет пәндерінде жоспарлы түрде жүргізіледі.

Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың

мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру мақсатында «Ертегілер елінде» атты апталық ұйымдастырылып, ересек және ортаңғы тәрбиеленушілері ертегілердің кейіпкерлерін сомдайды. Суреттері <https://zhetinur.edu.kz/> сайтқа жүктелді.


Ересек тобының тәрбиеленушілері бір-бірімен еркін диалог құрады, суреттер бойынша әңгіме құрастырады. Ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттайды, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап таба алады. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолданады, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыра алады. Бұл күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерде орындалатын жұмыстың нәтежесі.

Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету, өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу мақсатында ересек тобының тәрбиешісі С.Қалмұратова «Қарттарым-асыл қазынам!» атты ертеңгілік ұйымдастырылды. Ертеңгілікке тәрбиеленушілердің апа-әжелері шақырылып, өз немерелерінің өнерін тамашалады. Апа-әжелеріміз өзінің рухани құндылықтарын паш етті. Үлкендер өнегелі сөздерін айтып, ақ баталарын берді

№	Іс-шаралар	Топ атауы	Жауаптылар
1	«Ана мен бала» қалалық кітапханаға экскурсиялық саяхат	«Қарлығаш» ересек тобы	С.Қалмұратова
2	«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ тақырыбында мақал-мәтел» сайысы	«Қарлығаш» ересек тобы	С.Қалмұратова А.Сугурова
3	«Ертегілер елінде» атты апталық	Барлық топ	А.Сугурова Топ тәрбиешілері
4	«Қарттарым –асыл қазынам!» атты іс-шара	«Қарлығаш» ересек тобы	С.Қалмұратова

№	Топ атауы	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Берілген балы	Орны
1	«Қарлығаш» ересек тобы	«Қазақтың ұлттық ойындары» сайысы	01.03.2023	С.Қалмұратова А.Сугурова	10	I-орын
2	«Еркетай» ортаңғы тобы	«Қазақтың ұлттық тағамдары»	10.02.2023	А.Нуриддинова А.Сугурова	9	II-орын
3	«Балапан» кіші тобы	«Қазақ халық ертегілері» атты ертегі айту сайысы ұйымдастырылды	17.02.2023	Р.Құдайбергенова А.Сугурова	7	III-орын
4	«Қарлығаш» ересек тобы	«Қош келдің-Өз Наурыз!» атты іс-шара	20.03.2023	С.Қалмұратова А.Сугурова	10	I-орын

### Ряд 3



**«Жеті-Нұр» бөбекжай балабақшасы**

**Тақырыбы:**

**«Қазақ халық ертегілері»**

**2023жыл**

## Тақырыбы: «Қазақ халық ертегілері»

**Мақсаты:** Ертегі арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, өмірлік оң көзқарастарын қалыптастыру.

### Міндеттері:

- сөздік қорларын байыту;
- ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету;
- кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу;

Саналы, өскелең ұрпақ тәрбиелеу-әрбір тәрбиешінің міндеті. Баланың ой-өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына балабақша тәрбиешілерінің сіңіретін еңбегі орасан зор. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алды десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан –жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті әсер етіп, мағынасы өшпейтін із қалдырады.

Балабақша жасындағы балаларды жан-жақты дамыту кезінде ертегінің алатын ролі өте зор. Ертегі – қай халықтың фольклорында да ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа тараған мол мұра. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі, арман тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақ та ол баланың ой қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, тілін дамытып, сөздік қорын қалыптастырады.



Қазақ ертегілері өзінің тақырыптары, көтерген мәселелері, мазмұнына байланысты қиял-ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері, хайуанаттар туралы ертегілер, шыншыл ертегілер болып бөлінеді.

Қиял-ғажайып ертегілердің оқиғасы қиялға, фантазияға құрылады, өмірде болмайтын нәрселер туралы баяндалады. Кейіпкерлері қиялдан туған жалмауыз, жезтырнақ, мыстан кемпір, алып дәу және солармен күрескен батырлар болып келеді. Сонымен қатар адамға көмектесетін қанатты тұлпарлар, құстар да қиялдан туған бейнелер. Қиял-ғажайып ертегілері адамдардың арманы мен қиялын танытады, болашаққа деген сенімін білдіреді. Ертегінің қарапайым кейіпкері арманына жету үшін жолында кездескен барлық кедергілерді ақылмен, айласымен, достарының көмегімен жеңіп отырады. Қиял ғажайып ертегілер: «Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай», «Ыста тас», «Алтын сақа», «Тас болған шаһар».



Қиял ғажайып ертегілер қазақ ертегілерінің ішінде ең көнесі болып табылады. Қиял-ғажайып ертегілері көп дәуірді бастан кешіргендіктен, өзгерістерге де көп ұшыраған. Қазақ қиял-ғажайып ертегілерінің кейіпкерлері «ай десе-аузы, күн десе-көзі» бар сұлу, не алтын шашты қыз, солармен қатар айдаһар, жеті басты жылан, алып қара құс, тұлпар ат, басы алтын, арты күміс киік сияқтылар араласып отырады. Бұлардың бір тобы ертегі кейіпкерінің досы болса, бір тобы қас жауы болып әрекет етеді. Бұл кейіпкерлердің арасында кейде дос, кейде қас болып кездесетіндері де бар. Оларға таусоғар, көлжұтар, көреген, желаяқ, саққұлақ, жұмбақ жар, жылан патшасы, басы алтын киік жатады.

Қиял ғажайып ертегілерінде зұлымдықты жеңетін күш-адам. Ол не әлсіз бала жігіт, не кедейдің жалғызы, не адал еңбекпен күнін көрген аңшы мен мерген ер болып келеді. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі адамға дос күштерден адамзаттың арманын тануға болады.

Мысалы, «алты айлық жерді алты аттайтын тұлпар», өзі ұшатын кілем, көреген батыр, саққұлақ, желаяқ адам-адамның ұлы армандарын білдіреді.

Адам аяғы баспаған жерді көрсем, танысам, табиғат құпиясын ашсам деген арманынан туған дүниелер қиял ертегілерде кеңінен орын алған.

Ертегілер өз сюжетіне байланысты халық ертегілері қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, жануарлар туралы болып бөлінеді. Халықтың қиял-ғажайып ертегілерінен аңшы мергендер, қайраты мол ер жігіттермен қатар еңбек адамдарының да ерліктері орын алады. Еңбек адамдарының неше түрлі ғажайып жағдайда жасаған ерлік істері, оларға ұшатын кілем, сөйлейтін жануарлар тағы басқа заттар көмектеседі.



Тұрмыс-салт ертегілерінің кейіпкері қарапайым адамдар. Адамдардың шыншылдығы, озбырлығы және өмірдегі қиындықтар жайлы баяндалады. Бұл ертегілер өте қысқа, сюжеттері бір бағытта болып келеді. Тұрмыс-салт ертегілерде қойшы малшы, бақташылардың тұрмысы суреттеледі. Бұл ертегілерің өзіне тән

Қазақ халық ертегілерінің ерекшелігі — өмірде болатын жағдайлар мен болмайтын нәрселердің араласып отыруы. Тұрмыс-салт ертегілеріне «Бозынген», «Аю, түлкі және қойшы», «Арыстан мен кісі» сияқты шағын, тәрбиелік мәні зор ертегілер жатады. Жан-жануарлар туралы ертегілері барлығымызға жақсы таныс, олардың кейіпкерлері: қу түлкі, қорқақ қоян, озбыр қасқыр. Бұл топқа «Аю, қасқыр, түлкі, бөдене», «Аю, түлкі және арыстан», «Қоянның зары», «Күшік пен мысық» т.б. ертегілер жатады. Қазақ халық ертегілері жас ұрпақты тәрбиелеумен қатар, олардың бойына өз халқының игілігін дарытып, ана тілінде ойлау және мәдениетті сөйлеуіне, сауатты жазу дағдыларына

барынша мол әсерін тигізеді. Сонымен қатар, қазақ халық ертегілерін пайдалану оқушыларды қызықтырады, дұрыс сөйлеуге үйретеді, логикалық ойын жетілдіреді.

Адамның балалық шағы ертегімен тығыз байланысты. Біз әжемізден ертегі айтып немесе оқып беруін жиі сұраймыз. Сиқыры бар оқиғаларды тыңдауды тағаттана күтеміз. Көңілді де аянышты, қорқынышты да күлкілі олар бізге біраздан таныс. Олармен біздің әлем, жақсылық пен жамандық, әділет туралы алғашқы көзқарастарымызды қалыптастырады. Бір қарағанда жәй кішкентай ғана әңгіме сияқты, ал шын мәнінде осы әңгімелерде халық даналығы, мейірімдік пен зұлымдық туралы түсінік жатыр. Кейде өмірде қиын жағдайлар кездесіп жатады. Не істеу керек? Қандай дұрыс шешім қабылдау керек? Осы сұрақтарға жауап табу үшін ертегі бізге асығады.

Ертегілер бізге сонау ерте заманнан келді. Ертегіге біз сенеміз, ондағы оқиғалар кейде өзімізбен болып жатқандай, қорқынышты жерінде көзімізді жұмамыз. Ең негізгісі – бәрі де жақсы аяқталатынына сенеміз. Қазақ халық ертегілері тұнып тұрған даналық.

Қазақ кейіпкерлері батылдық, батырлық, мейірімділік секілді адами қасиеттерімен ғана көрініп қоймайды, сонымен қатар жақсылық зұлымдықтан үстем шығады. Жағымды кейіпкерлер арасында батырлар да, қарапайым адамдар да, және әйелдер бейнесі де бар.

Ертегі тыңдау арқылы бала оған еліктейді, өзі де ертегінің басқа түрін, ойлап шығарады. Түйсік қабілеттері дамиды. Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала ақылды, зерек, терең ойлы, зейінді болып өседі. Ертегі жаңа өскін балауса буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жасына лайықты, ертегі, жұмбақ жаңылтпаш, әңгіме естіп өсуі – олардың сөздік қорының молаюына, ақыл-ойының жетілуіне дыбыстарды дұрыс айту мәдениетіне әсер етеді. Өйткені, бала ертедегі жақсы кейіпкерге еліктеп батыр, шыдамды, ақылды, кеңпейіл болғысы келеді. Балалардың ең сүйіп тыңдайтын дүниесі – ертегі қайталап айту арқылы баланың сөздік қоры дамиды. Бұрынғы уақытта балалар көбінесе ата-әже бауырында өскен. Олар үлкендердің ертегі, әңгімесін тыңдап, зейін қойып өскен. Ол балалар үлкенге құрмет, кішіге мейірімді, ілтипатты болған. Қазір көбінесе теледидар немесе компьютер алдында отырады да кино, көпсериялы мультфильмдер көреді.

Ертегілер мазмұны қызық болса ғана тыңдайды. Мектеп жасына дейінгі балаларды халық ауыз әдебиетімен таныстыру /балабақша/ мектепалды даярлық топтарындағы ұстаздардың міндеті. Көптеген ертегі, әңгімені осы жерден естиді, мазмұнын үй ішіне, жолдасына, ата-анасына қайталап айтуға тырысады.

Ертегі мазмұнына сәйкес кейіпкерлерге яғни рөлдерге бөліп драматизациялау, саусақ театры, көлеңке театры, қуыршақ театры балалардың асыға күтетін нәрсесі. Ертегі кейіпкерлеріне сай дауыс ырғағымен айтуға үйренеді, қимыл-әрекетін келтіреді және жүреді.

Халқымызда қай тақырыпта да табылатын, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерлік ертегілері қаншама?! Ол ертегілер арқылы бала өз халқының тілін, мәдениетін, дәстүрін біледі және ой-өрісі, қиялы дамиды және адамгершілікке тәрбиеленеді. Мысалы: «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа» деген мақалды, «Жаман дос жолдасын жолда қалдырар» деген мақалдарды «Екі дос», «Кедей мен бай» атты ертегі желісінен оқуға болады.

«Бай баласы мен жарлы баласы» атты қызықты ертегі арқылы еңбек адамның кез келген қиыншылықты жеңуге үйрететінін және өмірлік тәжірибесі арқылы жеңіске жететінін

көреміз және «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалды дәлелдей түседі.

«Мақта қыз бен мысық» ертегісі өте тартымды, қызықты. Бұл ертегіде мақта қыздың досы мысық мақта қыздың тілін алмай қатығын төгеді де, оны қайтарып беру үшін көптеген сынаққа жолығып, көп қиыншылық көріп барып, қатықты төлей алады. Бұл жерде адамды әрбір іс қимылына жауап беруге, үйренуге қателік тәрбиелейді.

«Бес ешкі» ертегісі хайуанаттар жайлы ертегіге жатады. Өте қызық, тартымды. Мұнда кедейдің бес ешкісі қарлы боранда далада қалады да, қасқырға жолығады. Сол кезде бәрі бірігіп, береке – бірлік танытып, қасқырдан аман қалады. Бұл ертегі балаларды бір – біріне көмектесуге, береке бірлікке, бауырмалдыққа үйретеді.

«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі аңғалдықтың кесірін, шапшандықтың пайдасын айтады. Онда аңқау түйе жыл басынан құр қалады, шапшан тышқан жыл басы атанады.

Ал «Мақта қыз бен мысық» және «Қотыр торғай» оқиғалары еңбекпен тікелей байланысты. Балаларды табиғатпен байланыстыратын ертегілердің бірі – «Орманға қар не үшін керек» деген ертегіні алуға болады. Оны оқушыларды рольге бөлу арқылы оындауға болады. Яғни рольге бөлу арқылы олардың жадында жақсы сақтап алып қалады. Ертегі баланың ой-өрісін дамытуда үлкен үлес қосады. Жамандық пен жақсылықты ажырата алады, табиғат жайлы ертегілер баланың табиғатқа қамқор болуға; оны аялап қорғауға үгіттейді.

Қазақ ертегісінің ең мол түрі — шыншыл ертегілер. Мұндағы ертегі кейіпкерлері қиял-ғажайып ертегілердегі сияқты қиялдан туған емес, күнделікті өмірден еңбек адамдарынан алынған. Мысалы: «Аяз би», «Тазша бала», «Ұр тоқпақ», «Атымтай Жомарт» т.б ертегілер жатады.

Қазақ халқы балаларға табиғат туралы өз білгенін үйретуді мақсат етіп, оны ретті жерде жүзеге асырған. Табиғат адамның ақыл-ойы мен тәрбиесінің сарқылмас қайнар көзі екендігін көре білген. Бар өмір тіршілігі табиғатқа болып, оның аясында өмір сүргеннен соң адам баласы өзі туып өскен жеріне деген сүйіспеншілік пайда болады.

Қазақ халқының салт-санасы мен ата-бабасынан келе жатқан дәстүрін өз бойындағы ерекше қасиеттерін талантымен, дарындылығымен, өзгелерден ерекше табиғи қабілеті арқылы биіктерден көрсеткен. Қасиетті ертегілер арқылы тәрбие берген, салт-дәстүрін сол қалпында сақтап қалған. Сонымен қатар еліміз егемендік алғалы мемлекеттік тілде сөйлеуіне, бұл қасиетті ертегілердің халық ауыз әдебиетінде ең маңызды орын алатыны сөзсіз екенін салыстырып көрсету.

Халқымызда «Ізденген жетер мұратқа» деген сөз бар. Яғни, әр нәрсені білуге талпынып, білімнің тереңіне бойлау-дамуды кемелдікке жеткізеді, рухани байытады. Дүние жүзі балалары «Ол кім?», «Бұл не?», «Неліктен?», «Қайда?», «Қашан?» деген сұрақтарға жауап іздеп, бір тыным таппайды. Олардың осылайша ізденімпаздық танытуы табиғи заңдылық.

Қазақ халық ертегілері – тәрбиенің айнымас көмекші құралы, олар бізге түсінікті тілде өмір туралы, қиын жағдайлардан шығу жолдарын көрсетеді.

**«Жеті-Нұр» бөбекжай балабақшасы**

**Тақырыбы:**

**«Қазақтың ұлттық ойындары»**

**2023жыл**

## **Сабақтың тақырыбы:** «Қазақтың ұлттық ойындары»

**Мақсаты :** Қазақтың ұлттық ойындары асық ойнау, қол күрес, тақия тастамақ ойындары арқылы балаларға қазақтың салт – дәстүрі , әдет – ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Балаларға ұлттық ойындарды ойната отырып, қазақ тілі сабағына көңіл аудару.

Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, тез ойлауға баулу. Ұжымдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1. Балаларды қазақтың ұлттық ойындары мен таныстыра отырып ойын шартын дұрыс бұзбай ойнауға үйрету.
2. Ойынды ойнау барысында балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін ойын кезінде саусақ қол моторикасын дамыту.
3. Қазақтың ұлттық ойындарын ойнай білуге тәрбиелеу.
2. 4.Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, тез ойлауға баулу. Ұжымдыққа, ептілікке тәрбиелеу

**Сабақ түрі:** аралас ойын, ойын - сабақ

**Сабақтың әдісі:** Әңгіме ойын түрінде

**Көрнекілік:** асық, қазақ ұлттық киімдері (шапан, желетке, тақия), ою-өрнектер

**Сәлеметсіздер ме, балалар!**



Біздің бүгінгі сабағымызға қонақтар келді. Келген қонақтармен амандасайықшы.

**Сәлеметсіздер ме?**

### **1. Шаттық шеңбері**

Дөңгелене тұрайық,  
Киіз үйді құрайық,  
Кереге болып керіліп,  
Уықтар боп иіліп,  
Киіз үйді құрайық.  
Жарайсыңдар!

### **2. Өткенді қайталау**

- Балалар біз қай Республикада тұрамыз?
- Қазақстан
- Қазақстан көп ұлтты Мемлекет. Бірлігіміз жарасып тату тәтті өмір сүріп жатырмыз.
- Қазақстан Республикасында қандай ұлттар тұрады ?
- Орыс , неміс, өзбек, корей, армян, қазақ т.б.
- Балалар қазақтың қандай ұлттық киімдерін білесіңдер?
- Тақия, шапан, желетке, мәсі, камзол , сәукеле т.б.
- Ал балалар өздерін қай ұлттың киімдерін киіп отырсыңдар?
- Әрине дұрыс айтасыңдар Қазақтың ұлттық киімдерін
- Әр бала киіп отырған киімін айтып кетеді

Әдемі киініп келген екенсіңдер!

Орысшадан қазақшаға аударайық

Қазір балалар қазақтың ұлттық ойындарын ойнаймыз. Ойын бастамас бұрын бойымызды жазып алайық.

### **3. Сергіту сәті**

Би «Қара жорға»

### **4. Қазақтың ұлттық ойыны**

#### **1. Тақия тастамақ**

Ойын шарты былай балалар. Балалар дөңгелеп отырады. Бір бала жүргізуші болып тақия тастау керек, екінші бала біліп алып ойынды жалғастырады.

Жеңілген бала тақпақ айтады

Көктем туралы  
Көктем келді шуақты,  
Балаларды қуантты.  
Алақай – ау, алақай!  
Құстар сайрап, бақтар жайнап, гүл атты.

## 2. Қол күрес

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасумен орындалады. 2 бала шынтактарын столға тіреп қол бастарын айкастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді.

## 3. Хан талапай ойыны



Көп асықтың ішінде бір асықты қызыл түске бояп қоямыз. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар ханның қалай түскенін бақылап отырады. Ал «хан» алшысыннан түссе, балалар жарыса «хан талапай» деп дауыстап, ханды өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол жеңіске жетеді.

16 асық аламыз. Ойынға 4 бала қатысады. Бірінші бала қызыл түсті 4 асықты жинайды. Екінші бала 4 көк түсті асықты жинайды. Үшінші бала 4 жасыл түсті жинайды. Төртінші бала 4 қоңыр түсті жинайды.



**Оң қолымда бес саусақ,  
Сол қолымда бес саусақ,  
Қосып едім екеуін,  
Болып шықты оң саусақ.**

#### **4. Шеңберде асық ойнау**

Шеңбер сызып аламыз, асықты ортасына тізіп қоямыз. Қанша бала ойнаса сонша асық тіземіз. 4 бала ойнасақ 4 сақа болады. Әр баланың сақасы әртүрлі түспен боялады. Рет ретімен сосын ойнаймыз.

Жарайсындар!

#### **5. Бекіту**

- Балалар сендерге қазақтың ұлттық ойындары ұнады ма?

Иә

- Жарайсындар!!!

Балалар қазақтың қандай ұлттық ойындарын ойнадық?

Тақия тастамақ, Қол күрес, Хан талаппай, Шеңберде асық атып ойнау

- Жарайсыңдар!

- Ойын ойнаған ұнай ма?

- Иә, ұнайды

## 6.Қыз қуу ойыны



## 7.Қоштасу шеңбері.

Біздің топта ұлдар  
Тату тәтті ойнаймыз  
Баршаңызға, бәріне  
Тек қуаныш сыйлаймыз.

Сау болыңыздар!



**ЖШС «Жеті-Нұр» бөбекжай- балабақшасы**

***Тақырыбы:***

**«Қош келдің, Әз Наурыз!»**



***Тәрбиешісі: Қалмұратова С.***

**2023ЖЫЛ**

**Тақырыбы:** Қош келдің, Өз Наурыз!

Мақсаты: Наурыз айының шығыс халықтарында жыл басы саналатындығын сәбилер санасына жеткізу. Наурыздың 22 - сінде күн мен түннің теңелетіндігін, одан кейінгі күндері күннің ұзарып, түннің қысқаратындығын айтып түсіндіру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай айтып түсіндіру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай атап өтетіндігін таныстыру. Ұлттық салт - дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан етуге тәрбиелеу.

**Тәрбиеші:**

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,  
Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем  
Жарығымен, шуағымен Күн - Ана  
Алып келдің жер бетіне нұр көктем!  
Осыншама жақсылық,  
Алып келдің Наурызым!  
Төрлет бізге нұр болып,  
Шуақ шашып нұр жүзің!  
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал Наурыз - қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Бұ күн мен түн теңелетін мереке. Сондықтанда халқымыз Наурызды «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды.

Қазақ халқының күнтізбесі бойынша Наурыз мерекесі көктеммен бірге келеді. Өйткені көктемде жер дүние жасарып, жаңарады, өмірге қайта келеді. Осы тіршілікпен бірге, адамдардың да өмірі жандалады, жайнай түседі. Олай болса, бүкіл тіршілік атаулыны жаңартып, жақсартқан Наурызға шын ниетпен «Қош келдің, Өз Наурыз!» деп атайық.

Балалар хормен: «Қош келдің, Өз Наурыз!»

**Тәрбиеші:** Ұлыстың ұлы күнін, яғни төл мейрамымызды қазақ халқының ұлттық биімен ашқымыз келіп отыр

Би: «Қазақ биі»



Т:- Балалар біздер қандай мерекені тойлап жатырмыз?

Б: - Наурыз мерекесін тойлап жатырмыз.

- Балалар бізге Наурызда келіп қалыпты.

**Көктем:-** Мен Көктеммін өзіммен бірге аналар мерекесін және ұлыстың ұлы күні наурыз мерекелерін ала келдім. Мерекелеріңіз мерекеге ұлассын.

**Тәрбиеші:** Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

**Аңсаған**

Құтты болсын Наурыз

Жалқаулық қос жауымыз

Дала толы егіске,

Малға толсын тауымыз

**Маша**

Наурыз тойы әдемі,

Әжем еске түсірді

**Мама Ая**

Біздерге арнап әдемі,

Наурыз көже пісірді.

**Айша**

Кел балалар ойнайық,  
Наурыз тойын тойлайық  
Баянды боп мереке  
Қыр гүліндей жайнайық

**Әрсен:**

Ұлыс оң болсын. Ақ мол болсын!

Қайда барсаң, жол болсын

Төрт түлік ақты болсын,

Ұлыс береке берсін,

Бәле – жәле жерге енсін

Тәрбиеші: Ой балалар жарайсындар, бәрекелді. Осындай мереке күні ауылға барып, әжелерімізді Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесімен құттықтап қайтайық.

Тәрбиеші балалармен бірге ауылға музыка ырғағымен кіріп келеді. Онда көже ішіп отырған аталар мен әжелер қонақтарды орындарынан тұрып қарсы алды. Әже балаларға наурыз көже ұсынады.

**Тәрбиеші:** Әже, Наурыз көже өте дәмді екен. Оны қалай дайындадыңыз?

Әже: Қарақтарым. Наурыз көже Наурыз мейрамының негізгі тамағы.

Оған 7түрлі тағам қосылады. Олар: қыстан қалған сүр, айран, сүт, тұз, құрт, тары, бидай. 7саны киелі сан. Ал наурыз көже тоқшылық белгісі.





**Ақдидар:**

Арпа, бидай, тары бар  
Қатық, малта, тағы бар  
Ішілетін, жейтінің  
Бұл көжеде бәрі бар.

**Іңкәр:**

Бата беріп атамыз,  
Бата беріп әжеміз  
Тәтті болып жасаған  
Көжеден дәм татамыз

**Көзайым:**

Құт бауырсақ шашылып,  
Наурыз тойы ашылсын  
Бір бірімен мына жұрт  
Көрімдігін асырсын

Тәрбиеші: Дастарханымыздан ешқашан ырыс береке кетпесін дей отырып  
кезекті Дастархан әніне береміз.

Ән: «Дастархан»

Данара мен Айшаның орындауында қабыл алыңыздар!

Тәрбиеші: Біздің халқымыз осындай тамаша, тәрбиелік мәні зор салт дәстүрге бай халық. Ал біз кезекті халқымыздың, яғни мұсылман халықтарының төл мерекесі Наурыз мейрамына арналған тақпақтарға береміз.

**Айғаным:**

Күттіріп келген жыл басы

Бізбен бірге жырлашы

Дастарханға елімнің

Береке ырыс сыйлашы

**Айзере:**

Ой, халайық, халайық

Әсем әнге салайық

Наурыз тойын көңілді

Бірге қарсы алайық

**Інжу:**

Осыншама жақсылық

Алып келген Наурызым

Төрлет бізге нұр беріп,

Шуақ шашып ақ жүзің!

Тәрбиеші: Наурыз қазақ халқының ұлттық мейрамы. Сондықтан да халқымыздың ұлттық аспаптарына тоқталып өткен жол болар.

Соның ішінде бәрімізге жақсы таныс домбыра. Домбыра қазақ халқының мақтан ететін киелі аспабы. Сондықтан да халқымыз «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деп бекер айтпаса керек.

**Дидар:**

Домбырасыз сән қайда

Домбырасыз ән қайда

Ән мен күй бар өмірде

От та лаулап жанбайма

**Хормен: Наурыз тойы салтымыз**

*Аман болсын халқымыз*

*Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын*

*Наурыз құтты болсын!*

Тәрбиеші: Ал, құрметті халайық, бесікке салу рәсіміне кезек берейік.

Тәрбиеші: Балалар, әжелер! Ұлыстың ұлы күні еліміздің басын қосып, еркіндікке жол салған ата бабаларымызды еске алмасқа болмас.

Ойын: «Арқан тарту»

**Раяна:** Наурыз шаттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Ән саламыз бәріміз

Би билейміз бәріміз

**Айару:**

Сәнді көктем нұрымен

Наурыз тойы жырымен

Көңіл гүлдей жайнасын

Наурыз тойы тойлансын

**Тәрбиеші:**

Жаңғыртқан дәстүрімізді рахмет елім,

Тербетсін шаттық әні қазақ жерін

Той бастаған қадамын құтты болсын,

Дәстүрлі тамыр алып, өркен жайсын

Қош болыңыз, Наурызым ардақты

Халқым саған бар үмітін жалғапты!

Жылда осылай келе берсін жарасып!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Наурыз береке – бірлік әкелсін!

Сау болыңыздар!

ЖШС «Жеті-Нұр» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:

# *«Ұлттық тағамдар»*

Тәрбиешісі: Нуриддинова А.

**Білім беру саласы:** Коммуникация

**Ұйымдастырылған оқу қызметі :** Сөйлеуді дамыту

**Тақырыбы:** «Ұлттық тағамдар»

**Мақсаты:**

1. Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспеншілігін арттыру.
2. Балаларды ұлтжандылыққа, көргенділікке, терең ойлай білуге, жан-жақтылыққа тәрбиелеу.
3. Ұлттық тағамдардың аттарын меңгерту, сөздік қорын молайта отырып, сөздерді тәжірибеде қолдана білуге баулу, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Сұрақ – жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелеу.

**Көрнекіліктер:** Сурет, құрт, қаймақ, ірімшік, айран, бауырсақ, қазы – қарта, шұбат, қымыз т.б.



**Тәрбиеші:** Балаларды, оқу қызметіне назар аударту.

**Тәрбиеші:** Ал, балалар бүгінгі оқу қызметімізді бастаймыз.

Біздің бүгінгі өтетін тақырыбымыз « Ұлттық тағамдар»

Балалар алдымен «Шаттық шеңберін» құрайық.

**Балалар:**

Қайырлы таң, достым!

Қайырлы күн болсын!

Аптаның әр күні

Сәттілікке толсын! (Балалар қол ұстасып айтады)

Балалар орнымызға барамыз.

**Тәрбиеші:** Балалар орнымызға барамыз.Өте жақсы, барлығымызда ұлттық тағамдардың түрлерін, қайдан алынатынын жақсы білеміз екен. Мен сендердің сөздеріңізді

толықтырып өтейін.

Балқаймақ — Түйе сүтінен немесе айраннан пісірілетін тағам.

Құрт — Құрт – малдың сүтінен дайындалатын ұзақ уақыт сақтауға арналған тағам. Сабаға сүтті жинап, сүт ашығаннан кейін піседі, сүт іркітке айланып, майы бетіне қалқып шығады. Майын бөлек алып тұздап қарынға салады да, іркітті қазанға суы сарқылғанша қайнатады.

Шұбат — Тайлақты түйенің сүтін ашытып жасалатын сусын.



Айран – Сиыр сүтінен алынатын сусын. Айран – ұйытылған сүт. Оны қаймағы алынған сүттен де, қаймағы алынбаған сүттен де ұйытуға болады.

Қымыз — Жылқы сүтінен алынып ашытылатын сусын. Қымыз – биенің сүтінен дайындалатын денсаулыққа шипалы әрі жұғымды сусын. Қымыз қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі.



Ірімшік — сиырдың, қойдың, ешкінің сүтінен қайнатып әзірленетін тағам. Ірімшікті дайындау үшін ыдысқа құйылған шикі сүттің үстіне азырақ айран құйып, сүтті ірітеді. Одан соң іріген сүтті отқа қойып қайнатады. Ірімшіктің сары суы бөлінген кезде оны шыптаға сүзеді.



Қазы — Жылқы етін тұз бен бұрыш қосып, ішекке салып пісірілетін тағам. Қазыны ыстық күйінде де, тоңазытыпта жеуге болады. Қазыға: 400г қазы, 2-3 сарымсақтың бөлігін қосады. Бұрышпен тұзды татымына қарай салады.



Қуырдақ — Төрт – түлік малдың етінен май араластырып пісіретін тағам. Малдың ішекқарнымен, өкпе бауыры мен бірге пісірілетін тағам.



Бауырсақ — Бауырсақты білмейтін қазақ жоқ шығар, ұлттық тағамның ұлы асы. Ұн мен майға пісірілетін тағам. Бауырсақты жоғары немесе бірінші сортты бидай ұнынан пісіреді. Оны қамырды ашытып та ашытпай да дайындауға болады. Ашытпай пісірген бауырсақ көпке шыдайды, ал ашытып пісірілген бауырсақ кеуіп қалса, жеуге жайсыз болады. Ашымаған қамырдан бауырсақ пісіру үшін ұнға май, жұмыртқа, сүт, тұз салып илейді (айран құйса да болады).



Бешбармақ-Төрт түлік малдың етінен пісірілетін тағам.



**Дидактикалық ойын:** « Дәмін татып, атын ата» ойынын ойнату.

Енді, балалар қолдарымызды берілген ыдыстағы тағамдардың дәмін татып , аттарын айтамыз.

**Сергіту сәті:**«Қара жорға»

Ғажайып сәт: Апа келеді.

**Апа:**Амансындарма, балалар! Сендерде ашық оқу қызметі өтіп жатыр екен жарайсындар,балалар!.

**Тәрбиеші:**Саламатсызба ата біздің берекелі ақ дастарханның төрінен орын алыңыз.

Қорытынды:

Ет тағамдарын атаңдар?

Сүт тағамдарын атаңдар?

Жылқы, сиыр, түйе не береді?

Ұлттық тағамдарды ата?



**Тәрбиеші:**Бүгінгі ашық оқу қызметімізде ұлттық тағамдар туралы әңгімеледік. Қазақ өте қонақжай халық. Қонақтың алдына барлық тәтті тағамды қойған. Бұл дәстүр ұрпақтан — ұрпаққа жалғасуда. Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған, әрі қастерлей білген. Қазақтың ұлттық тағамдарының орны ерекше. Ырым бойынша дастарқанға қойылған дәмнен ауыз тимей кетуге болмайды. Қазақ дастарқанына ұннан, сүттен, еттен жасалған ұлттық тағамдарды қояды.Қазақта тағы бір дәстүр бар ол , тамақтанып болғаннан кейін аталарымыз бата береді.Олай болса балалар атамыз біздің дастарханға бата берсін.

**Апа:**

Дастарханымызға береке берсін,

Бастарымыз мереке берсін.

Астарымызға адалдық берсін,

Елімізге амандық берсін.

Әумин, әумин!

Ал,балалар мен енді жайлаудағы малдарыма барайын,сендер ақылды балалар екенсіңдер.Өркеніңіз өссін!Қош сау болыңыздар.

**Тәрбиеші:** Балалар мына ыдыстағы дәмнен қонақтарға ұсынайық.

Бүгінгі ашық оқу қызметіне барлықтарың жақсы қатынастыңдар. Рахмет! Мен сендерге құрт таратайын. Қонақтар да риза болды. Сау болыңыздар балалар!

